Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

16 тамыз 2024 жыл іс №6309-24-00-2-2037 Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің «16 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "luxe-detail" Салиев Нұрдәулет Сүнетұллаұлы

ТАЛАП ҚОЮДЫҢ МӘНІ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлды өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің «16 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер "luxe-detail" Салиев Нұрдәулет Сүнетұллаұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "luxe-detail" Салиев Нұрдәулет Сүнетұллаұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жеке кәсіпкер "luxe-detail" Салиев Нұрдәулет Сүнетұллаұлынан мемлекет пайдасына 954 (тоғыз жүз елу төрт) теңге тұрақсыздық айыппұлды және мемлекеттік баж 1875 (бір мың сегіз жүз жетпіс бес) теңге мөлшерінде сот шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде

осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 16.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.09.2024, судья Нурсапинов Н. С., 30.09.2024

6309-24-3-1/2117